



Сұрақтар мен жауаптар

(жоғары оқу орыннан кейінгі білімге қабылдау)

Астана қ., Жеңіс даңғылы, 62. ЖОО коды - 002
Қабылдау комиссиясы Тел.: 8 (7172) 31-75-56, 39-80-18
www.kazatu.edu.kz E-mail: 711_12@inbox.ru

ҚАТЗУ-дың магистратурасына қалай оқуға түсуге болады?

ҚАТЗУдың жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламаларына оқуға түсу үшін үміткерлер кешенді тестілеу (КТ) тапсырады. Оқудың ақылы негізінде оқуға түсетін шетелдік азаматтар КТ тапсырмайды, себебі олар сұхбаттасу ретінде өтетін емтихан арқылы қабылданады.

КТ-ға тіркелу қай кезде жүреді?

Қолданыстағы ережелерге сәйкес ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы КТ-ға тіркелу шілде айының 1 мен 15 аралығында жүреді.

КТ қай кезде өтеді?

КТ тамыз айының 8 мен 16 аралығында өтеді.

Шығармашылық емтихандарға өтініштер қашан қабылданады және емтихандар қай кезде өтеді?

Шығармашылық емтихандарға қатысуға өтініштер шілде айының 3 мен 25 аралығында қабылданады, ал емтихандар тамыз айының 8 мен 16 аралығында өткізіледі.

Гранттар конкурсына өтініштер қай кезде қабылданады?

КТ жемісті тапсырған үміткерлерден құжаттар тамыз айының 18 мен 22 аралығында қабылданады.



Сұрақтар мен жауаптар

(жоғары оқу орынан кейінгі білімге қабылдау)

Астана қ., Жеңіс даңғылы, 62. ЖОО коды - 002
Қабылдау комиссиясы Тел.: 8 (7172) 31-75-56, 39-80-18
www.kazatu.edu.kz E-mail: 711_12@inbox.ru

Грант конкурсының нәтижесі қашан белгілі болады және грант иегері екенімді қалай білемін?

Мемлекеттік білім гранттарын тағайындау нәтижесі 25 шілдеде белгілі болады, иегерлердің тізімі интернет-ресурстарда шығады, нақтылай айтқанда ҰТО www.testcenter.kz сайтында (конкурсқа қатысқан әрбір үміткер өз ЖСН ен ТЖК енгізу арқылы өз нәтижесін көре алады).

ЖОО оқуға қабылдау мерзімдері?

Оқуға қабылдау 28 тамызда аяқталады.

ҚАТЗУ-дың докторантурасына қалай түсуге болады?

Докторантураға оқуға түсу үшін үміткер мамандық бойынша қабылдау емтиханын тапсырады, ол үшін алдын-ала шет тілін меңгерген деңгейін растайтын халықаралық сертификатын басқа құжаттармен бірге тапсыру керек.

Докторантураға құжаттарды қашан қабылдайды?

Докторантураға құжаттар 3-ші шілде мен 3-ші тамыз аралығында қабылданады.

Докторантураға қабылдау емтихандары қашан өтеді?

Мамандық бойынша қабылдау емтихандары тамыз айының 4 мен 20 аралығында өтеді.



Сұрақтар мен жауаптар

(жоғары оқу орыннан кейінгі білімге қабылдау)

Астана қ., Жеңіс даңғылы, 62. ЖОО коды - 002
Қабылдау комиссиясы Тел.: 8 (7172) 31-75-56, 39-80-18
www.kazatu.edu.kz E-mail: 711_12@inbox.ru

Сіздердің ЖОО оқуға түсу үшін (қабылдау кезінде) қандай құжаттар тапсыру керек?

Магистратураға:

Ұйым басшысының атына өтініш (ЖОО формасы), жоғары білімі туралы құжаттың (диплом) түпнұсқасы, 075-У нысандағы медициналық анықтама, флюорография суреті, 3x4 көлеміндегі 2 фото, жеке куәлік немесе төлқұжат көшірмесі, КТ сертификаты, шет тілін меңгеру сертификаты (бар болса)





Сұрақтар мен жауаптар

(жоғары оқу орыннан кейінгі білімге қабылдау)

Астана қ., Жеңіс даңғылы, 62. ЖОО коды - 002
Қабылдау комиссиясы Тел.: 8 (7172) 31-75-56, 39-80-18
www.kazatu.edu.kz E-mail: 711_12@inbox.ru

Сіздердің ЖОО оқуға түсу үшін (қабылдау кезінде) қандай құжаттар тапсыру керек?

Докторантураға:

Ұйым басшысының атына өтініш (ЖОО формасы), жоғары білімі туралы құжаттың (диплом) түпнұсқасы, шет тілін меңгергені туралы сертификаты, ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі, кадрлар есебі бойынша жеке іс парағы немесе жұмыс орны бойынша кадр бөлімі еңбек қызметін растаған құжат, 075-У нысандағы медициналық анықтама, флюорография суреті, 3x4 көлеміндегі 2 фото, жеке куәлік немесе төлқұжат көшірмесі,

